

АБАЙДЫҢ ШЫҒЫСПЕН БАЙЛАНЫСЫНЫҢ БАСТАУ БҰЛАҒЫ

Тоты Иманкызы КОШЕНОВА,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

timankyzy@mail.ru

Мерей ТҰРАРБЕК,

Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 3-курс студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15257011>

Қазақ әдебиетінің классигі Абайдың шығармашылығын жан-жақты талдаған М.Әуезов өзінің «Абай Құнанбаев» монографиясында ұлы ақынның 3 бұлақтан қана сусындағанын айтып өткен. Мұның біріншісі – халықтың ауызша әдебиет қоры, екіншісі – араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы, үшіншісі - орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті...[1. 270].

Ғұлама ғалымның осы айтылған пікірі қазақ әдебиетіндегі абайтану ғылымының іргетасы болды десек, артық айтпаған болар едік. Бұл үш сала да абайтану ғылымында айтарлықтай зерттелуде. Біз де өз кезегімізде Абай сусындаған 3 бұлаққа ден қоюға ат салысқанды жөн деп тауып отырмыз.

Белгілі абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы өзінің «Абай және шығыс» атты зерттеу еңбегінде Абайдың шығысқа қатысы жайында айтып өткен. Бізді осындағы ғалым қолданған «ақындық кітапхана» термині қатты қызықтырды. М.Әуезов Абайдың ақындық кітапханасы жайына аз-кем тоқтағанда оның көлемі мен жайын анықтаудың жолдары мен тәсілдерін қарастырған. Зерттеуші Абай туындыларында тікелей немесе сөз арасында жанама түрде болса да аталатын кісі есімдері мен кітап аттарын, сондай-ақ ақын ойының табиғатын танытатын терминдік мәні бар сөздерге де тікелей сүйенсе, мұны әрі қарай індете зерттеуге М.Мырзахмет ден қойды деп айта аламыз. «М.Әуезовтің Абай мұрасының шығысқа қатысы жайлы ғылыми зерттеулері мен көркем шығармаларында жай қарағанда оншалықты аңдала бермейтін, бірақ жітірек қарастырсақ, атақты шығыс классиктері, ғұлама хақимдер мен тарихшылар, көптеген шығыстық қисса-дастандар, тіпті мектеп-медіреседе оқытылатын оқулықтар жайдан-жай атала бермегендігін, оларда белгілі мағыналы салмақ барын көреміз -дей келіп, Абайдың шығыс поэзиясы классиктерімен алғаш танысуы медіреседе басталған. Шәкірт ақын ұлы классиктерге еліктеп, алғашқы өлеңдерін жазу үстінде Фзули, Шәмси, Сейхали,



Науаи, Сағди, Фердоуси, Хафиз аттарын тілге алып, жеті ақын классиктен медет тілейді. Соңыра балаң еліктеу, өнер салыстыру кезеңінен өткен соң да, шығыс поэзиясының жеті алыбын тереңдей оқып, сынмен қарап, шығармашылық тұрғыдан меңгеру үстінде толыға берген. М.Әуезов Абай шығармаларындағы шығыстық белгілерді іздегенде осы классиктерге мол аялдап, Абай және шығыс классиктері деген салада құнарлы пікірлер айтып отырады,» [2, 12] – дейді.

Ғалымның бұл пікіріне қоса айтарымыз тек Абай поэзиясы ғана емес, жалпы қазақ әдебиеті мен мәдениеті ғасырлар бойы Шығыстан сусындап, солармен сарындас болып келе жатыр. Бұл пікірді академик З.Ахметов те өзінің зерттеуінде ұлтымыздың әдебиеті – күллі Шығыс мәдениетінің бөлшегі екенін, одан үнемі нәр алып тұрғанын айтып өткен. Демек, мұнан қазақ әдебиеті мен мәдениеті ғасырлар бойы Шығыстан сусындап, соларға үн қосып келе жатқанын аңғарамыз.

М.Әуезов айтып өткендей, расында Абай Шығыстың көркем классик поэзиясынан сусындады. Оның өлең құрылысындағы тың жаңалықты шығыс әдебиеті қорына қол артқан кезде мол тапқандығын байқаймыз. Мұны белгілі абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлының мына бір ойлы пікірімен нақтылай түскенді жөн деп тауып отырмыз:

«Білімдіден шыққан сөз» деген өлеңінде 44 жас тағы ақын балаң кезіндегі еліктеу дәрежесінде бір соғып, тастап кеткен түрки ғаруз уәзіндегі ұйқас түріне назар аударады. Сегіз шумақ өлеңнің барлық жолдары жеті буынға құрылып, бірінші шумақтан басқа шумақ атаулының бәрі де «а-а-а-б» тәрізді көне түрік поэзиясының ұйқасымен беріледі. Сегіз шумақ өлеңнің әр шумағының ең соңғы өлең жолдары түп-түгел бірыңғай ұйқас сөзбен, яғни, шумақаралық желілі ұйқаспен үйлестірілген ғажап тың өлең өрнегін көз алдыға әкеледі.

Бір ғажабы, осы өлеңдегі түрге ұқсас өлең өрнегі сонау орта ғасырдағы түрік халықтарының аузынан жазып алған М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде үзік ретінде кел-тірілген өлеңдер тобында бір рет қана кездесіп қоймай, әр жерде-ақ бірнеше рет қайталанып отыруы мұның тұрақты форма екендігін айғақтайды. Арғы жағы біздің заманымызға дейінгі кезеңде туып таралған Тұран патшасы Афрасиаб (Ер Тоңа Алып Дулухан Ү-ҮІғ.) туралы жоқтау өлеңі де осы өлең кестесін көз алдымызға келтіргендей... Бұдан Абайдың есте жоқ ертедегі халық санасында тебіндеп барып, көктемей қалған, қаулай өніп барып кідіріп қалған, бірақ түбінде бір дүбір салар өлең өрнегіндегі үлгілерді іздестіріп, зерттеу арқылы ақындықтың дарқан қуатымен жандандырып, жаңадан тіріліп, қатарға қосып жібергендей құдіретін анық



сезінеміз, - дей келіп, өте көне дәуір поэзиясындағы ескі түрік өлең өрнегінің үлгісін қайта жаңарту арқылы мүлде жаңа сипаттағы өлең өрнегін тудыра алған» [2, 181-182-б.], - дейді. Бұған қоса аталмыш пішіннің тек М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде ғана емес, сонымен қатар А.Ясауидің «Диуани хикметінде» де кездесетінін ғалым Р.Сыздықова өзінің «Ясауи хикметтерінің тілі» [3, 18] атты іргелі зерттеу еңбегінде кездесетінін айтып өткен. Автор хикметтердің буындық жүйесіне, ұйқас суретіне, шумақ түрлеріне талдау жасай отырып, хикметтердің бір шумағында «ішкі» (бір шумақтың алғашқы үш жолындағы) және «желілік» (бір шумақты тұтастырып, бір желіге байлап тұратын төртінші тармақтағы ұйқас) ұйқас түрлерінің кездесетіні жайлы тұжырымды дәлелдермен берген. Мұның өзі Ясауи қолданған өлең өлшемінің төл түркілік негізден тамыр тартуының белгісі іспетті. Зерттеуші А.Әбдірәсілқызы «Қожа Ахмет Йассауидің ақындық әлемі» [4, 168] атты еңбегінде. «... Біздіңше, аты сырттан таңылған бұл өлең түрінің заты таза түркілік екеніне оның ұйқас суретінің көне түркі өлеңдерімен сәйкестігі ғана емес, белгілі бір қалыптармен, қағидалармен шектелмегендігі де дәлел бола алады. Басқаша айтқанда, зерттеушілер парсы поэтикасының терминімен «мураббағ» атаған (бәлкім, кездейсоқ атаған- А. Ә.) бұл өлең түрі дәстүрлі түркілік төрттік өлең аясында дамыған ұлттық әдебиетіміздің төл пішіні болып табылады. Парсылық мураббағ - түбірімен басқа құбылыс... Ендігі назарды мураббағпен сырттай ұқсас, Йасауи хикметтерінің құрылысымен барынша сәйкес төрттіктер – тәрбиғ пен шарқыға аударамыз» - дей келіп, - ...Түрік жазба әдебиетінде сыртқы құрылымы жөнінен Йасауи хикметтерімен толығымен сәйкес келетін «шарқы» атты өлең түрі кездеседі. Ұйқас ерекшелігіне орай шарқы бірнеше топқа бөлінеді. Солардың ішінде хикметтермен үйлесетіні - чапраш (аралас ұйкасты), шарқы (абаб вввб гтгб) және накарат (қайталама-редиф ұйкасты) шарқы Йасауи хикметтерімен құрылысы жөнінен сәйкестігімен назар аудартатын ендігі бір құбылыстар - түрік ауыз әдебиеті үлгілеріне тән дастан, кошма, шарқы өлеңдері. Дастандардың көлемі 5-7 шумақтан басталып, 100 шумаққа дейін жетеді. Ұйқас үлгісі - абаб вввб гтгб, яғни кошма өлеңдермен сәйкес келеді» - дейді. [4. 171].

Түрік әдебиеттануындағы «кошма» атты өлең түрі 11 буынды абвб гтгб дддб ұйқасымен жазылатындығы белгілі. Бұл үлгі бірқатар түркі халықтарының әдебиетінде кездеседі. «Осы өлең үлгісін белсенді түрде қолданған Анадолы ашық ақындар әдебиеті XIII ғасырдағы Юнус Эмре шығармашылығынан бастау алады. Көрнекті түркітанушы Ф.Көпрүлү ашық ақындар шығармашылығын тікелей Йасауимен байланыстырады. Ашықтар әдебиетінің қалыптасуына сопылық поэзия тікелей әсер етті. Ал түркі сопылық поэзиясының бастауында Қожа Ахмет



Йасауидің тұрғаны белгілі жайт. Анадолы, Кавказ, Еділ бойы түркілерінің Х-ХІ ғасырларда Сыр өңірінен - Йасауи өмір сүріп, шығармашылық із қалдырған өлкеден кеткенін, атажұртта орныққан әдеби-мәдени істерді жаңа жерде жаңғыртқанын ескерсек, бірдей өлең үлгісін пайдаланған Йасауи хикметтері мен ашық ақындар өлендері бірдей дәстүрден бастау алған деуге негіз бар. Демек, абаб вввб ұйқасымен жазылатын түрік әдебиетінде «кошма» аталған өлең түрінің төл әдебиетімізде де ежелден орныққан болуы, бәлкім басқа атаумен берілуі немесе қара өлең секілді халық өлеңдерінің түрі ретінде қолданыста жүрген болуы ықтимал»[4.172-173] – деген ой білдірсе, ғалым М.Мырзахметұлы өз еңбегінде бұл өрнектің бастауында Тұран патшасы Афрасиабты (Ер Тоңа) жоқтау өлеңі тұрғандығын айтып өткен.

Енді осы өрнектің тек М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде ғана емес екендігін жоғарыда айтып өттік. Енді осыларға тоқталамыз. Бірінші М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінен үзінді келтіреміз:

Қар, боз кәмүғ эрушді, 7 а	Ұрді бүліт інграшу, 7 в
Тағләр сууі акішді, 7 а	Ақті ақін мунгрәшу, 7 в
Көкшін бүліт өрүшді, 7 а	Қалді бүдүн танглашу, 7 в
Қәйғұқ болуб окрішүр. 7 б	Көкрәр тәкі мәңгрәшур. 7 б
Қақләр кәмүғ көләрді, 7 г	
Тағләр баши іләрді, 7 г	
Ажүн тані йілірді, 7 г	
Туту чәчәк жәркәшур. 7 б	

Енді А.Ясауидің хикметтерінен үзінді келтірсек:

Он секкіз мың ғаламға 7 а	Һәр дем башы үргүліб, 7 г
Хайран болған ғашықлар. 7 б	Көзі халққа телміріб, 7 г
Табмай мағшуқ сұрағын, 7 в	һу-һу тию чур күліб, 7 г
Сарсаң болған <i>ғашықлар</i> . 7 б	Кирийан болған <i>ғашықлар</i> . 7 б
Күйіб-йаныб күл болған, 7 д	
Ишқыда бұлбұл болған, 7 д	
Кімні көрсә, күл болған, 7 д	
Мардан болған <i>ғашықлар</i> . 7 б	

Абай шығыс шайырларын, оның ішіндегі шығыстың классигі Әлішер Науайыны өзіне ұстаз тұтып, оның шығармаларынан рухани нәр алғандығын жоғарыда айтып өттік. Профессор Рахманқұл Бердібай: «Абайдың өлең өнері жолына түсерде шығармаларын сүйіп оқыған, өзіне пір тұтқан ақыны Орта Азия әдебиеті аталарының бірі Әлішер Науаи болғаны да баршаға аян», дейді де, өз ойын одан әрі түйіндей түсіп: «Абай өзбек әдебиеті классиктерінің



еңбектерін ерекше ыждағатпен зейін салып оқыған. Оның қазақ өлеңінің ұйқастық, ырғақтық, өлшемдік мүмкіншілігін байытуына Шығыс шайырларының үлгісі де әсер еткен. Ұлы Абайдың өзі Науаиды өзіне ұстаз деп білген», - дейді.

«Оның үстіне ұлы Абай өзінің «Иузи – раушан, көзі – гауһар», «Біліміден шыққан сөз» деген өлеңдерін Науаиға еліктей отырып, қазақ поэзиясында бұрын-соңды болмаған «ғаруз» өлең өлшемі негізінде жазған. Мәселен, Абай 1889 жылы жазған 8 шумақтық «Біліміден шыққан сөз» атты өлеңінің барлық жолын 7, 8 буынды етіп өрнектеген. Оның бірінші шумағынан басқа шумақтарының барлығы дерлік «ғаруз» өлең өлшемі негізінде жазғанын профессор М.Мырзахмет [2.33] ерекше атап өтті. Сондықтан да ғалымның «Абай өлеңдеріндегі ғаруз ұйқасы деп жүрген «а, а, а, б» түрінде келетін ұйқас түрі, түркі тілді туысқан халықтардың әдебиетінде сонау көне дәуірден-ақ орын алып, тума құбылысқа айналып кеткен байырғы ұйқастардың біріне жатады», - деген ойына біз де қосыламыз. Демек, Абайдың ғаруз өлшемінің қолдануының түп-төркінінде ұлы шайырдың еңбегімен таныстығының әсері десек те артық айтқандық емес деген ойдамыз.

Бұдан шығар қорытынды Абай өзіне дейінгі әдеби дәстүрлерден жақсы хабардар болған. Расында да алдыңғы ұрпақ жасаған рухани мәдениетті келер ұрпақтың иеленіп, мұраға берік болуы табиғи заңдылық. Екінші түрде айтқанда, дәстүрге сүйенбей, дәстүр дамымайды. Дәстүрдің үзілуі - ұлттық мәдениеттің жұтаңдауына әкеліп соғады. Алдыңғы ұрпақтың бай мұрасына терең бойлай, ондағы өміршең элементтерді сұрыптай келе, оны өз бойындағы талантымен қоса білімінің қайнар бұлағында қорыту, одан шыққан ойлы өлеңді соны өрнекпен беру әрбір қаламгердің еншісіне тие бермейтін ұлы бақыт.

Бірақ, тыңға түрен салғандай ұлы ақынның өлең құрылысындағы бұл өрнек Абайдың жаңашылдығы емес, төл топырағымызда бар өрнек еді дегенде Ұлы ақынды «қазақ өлеңінің реформаторы» деген аттан төмендетіп алмаймыз ба? - деген сұрақ тууы мүмкін. Бірақ бұл ой ортақтастығы мен өлең өрнегіндегі сабақтастықтар Абайды аласартпайды. Қайта ол жай – Абайдың ақындық нәр, қор алған тектері, іздену өрісі, жалпы ойшылдық, ақындық диапазоны кен болғанын көрсетеді. Мысалы, Грузияның атақты классигі Шота Руставилидің идеялық, поэзиялық, философиялық негіз қорларын айтқанда, барлық зерттеушілер оның араб, иран мәдениетінен және орта ғасырлардағы батыстық мәдениеттен екі жақты үлгі-өнегелер алғанын жасырмайды, ашып айтады. Тіпті, оны Руставилидің өз заманынан бойы озған ерекше қасиеті деп айтады. Өз тұсындағы дүние жүзілік мәдениетке кең құлаш жайып, еркін



пайдаланғанын мақтан етеді. Сол сияқты ұлы Абайдың да шығыстық классиктерден өз үлесін ойып алғандығын көреміз.

Біз бұл мақалада әдебиеттегі ұлы тұлғалар: М.Қашқари, А.Ясауи, Ә.Науайы, Абай туындыларындағы бір ғана өрнектің жалғастығы туралы айтып өттік. Жалпы жоғарыда аты аталған таланттардың шығармаларының идеялық мазмұнында да күрделі сабақтастық байқалады: дәуір шындығын, әлеумет мұңын жыр етіп, рухани құндылықтарды, адамгершілік мұраттарды бағдар тұтқан, ақиқатты іздеп, бүкіл адамзаттық биіктен ой толғаған шығармашылық иелері сомдаған лирикалық кейіпкерлердің табиғаты бір. Кез келген мазмұнның өзіне лайық пішінді талап ететінін ескерсек, туындыларының бірдей мазмұны туындыгерлердің бірдей пішінге жүгінуіне алғышарт болды деуге негіз бар.

Қорыта айтқанда, бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымындағы үлкен бір міндеттердің бірі кейінгі әдеби шығармаларды пішін жөнінен ежелгі әдебиет туындыларымен байланыстыра зерттеу болмақ. Бұл мақала соған бастау болсын деген ниеттен туындаған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. А., 1967. 391 б.
2. Мырзахметов М. Абай және Шығыс. А., 1994. 208 б.
3. Сыздықова Р. Ясауи «хикметтерінің» тілі. А., 2004. 552 б.
4. Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Ясауидің ақындық әлемі. А., 2007. 264 б.
5. Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1 - А., 1995. 336 б.
6. Abduvalitov E. The Effective Ways of Teaching the Literature of Fraternal Nations in General Secondary Schools. <http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v6i6.1428>
7. Abduvalitov N. Ways of Teaching Samples of World Literature at Literature Classes by Grene Features. <http://ijmmu.com> editor@ijmmu.com ISSN 2364-5369 Volume 9, Issue 3 March, 2022 Pages: 219-223.
8. Nurjan B. Abduvalitov, Ergash B. Abduvalitov, Baurjan N. Sayfullaev. "Methods of comparative analysis in the study of samples of uzbek and world literature" <https://spast.org/techrep/article/view/4576>
9. Nurymbetovich, S. B. (2023). Dialectisms in the Language of Literary Works. *Central Asian Journal of Literature, Philosophy and Culture*, 4(6), 33-39. Retrieved from <https://cajipc.centralasianstudies.org/index.php/CAJLPC/article/view/893>
10. Yusupov B.B. Motherland and Patriotism in the Lyrics of Tulegen Aibergenov. <https://ijssrr.com/journal/issue/view/28>
11. Bazarbayeva Raykhan Abdimumin qyzy Socio-psychological bases of forming speaking competence based on students' creative thinking. Web of Scientists and Scholars: Journal of Multidisciplinary Research. <https://webofjournals.com/index.php/12/article/view/3485>

